

ӘӨЖ 960.03
ҒТАМР 03.41.91

<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5461.31>

¹М. Гурсой*, ²М.Амантуров, ³М. Бахтыбаев

¹PhD доктор, доцент м.а. Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

E-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz

²магистр оқытушы Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

E-mail: maralbek.amanturov@ayu.edu.kz

³аға ғылыми қызметкер, Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

E-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz

СЫҒАНАҚТЫҢ СӘУЛЕТТІК ҚЫШ ҚАПТАМАЛАРЫ

Аңдатпа

Орта ғасырларда Сығанақ қаласы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ірі саяси, сауда және қолөнер орталықтардың бірі болған. Қала XIV-XV ғасырларда Ақ Орданың, Әбілхайыр хандығының және Қазақ хандығының астанасы болған. Осы кезде саяси жағдайы тұрақтанып эномикалық тұрғыдан қуаттанған. Бұл өз кезегінде қалада кескін келбеті келісті құрылыстардың салынуына жол ашқан. Тарихи деректерде көптеген хандардың Сығанақ қаласына жерленгендігі айтылған. Әуеден түсірілген суреттерге қарағанда қаланың айналасында жеке дара төбешіктердің көп екендігі аңғарылады. Осы төбешіктерде жүргізілген зерттеулер барысында, бұлардың кесене құрылысы екендігі анықталды. Кесене орнынан көптеген қыш қаптамалар алынған. Сонымен қатар қаланың шығыс қақпасында жүргізілген зерттеулер барысында кірпіштен қаланған платформа астынан өрнекті қыш қаптамалар табылған. Мұндай қаптамалар кейінгі жылдары қаланың басқа бөліктерінен анықталды. Жүргізілген сараптама жұмыстар Сығанақтағы қыш қаптамалардың бес топқа бөлінетіндігін, олардың өсімдікті және геометриялық өрнектермен көмкерілгендігін, ал кейбір қаптамалар сырланған (майоликалық), мұның өзінде майоликалық қаптамалардың өрнекті және өрнексіз екендігін көрсетті. Ал, салыстырмалы зерттеулер мұндай қаптамалардың Орта Азия аймағында көптеп қолданылғандығын көрсетіп қана қоймай, Сырдария бойынан көшкен Оғыз-Селжұқтар арқылы Кіші Азия аймағына да таралғандығын айғақтай түсті.

Түйін сөздер: Сығанақ, Сырдария, қыш қаптама, майолика, өсімдік өрнек, геометриялық өрнек.

Мақала «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды (BR10965310, келісім шарт № 376) ҚР БҒМ.

¹M.Gursoy*, M.Amanturov², M.Bakhtybayev³

¹PhD Doctor Acting Associate Professor, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, Kazakhstan

E-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz

²master teacher, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: maralbek.amanturov@ayu.edu.kz

³Senior Research Fellow, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan

E-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz

DECORATIVE TERRACOTA TILES FROM SYGANAK

Abstract

The capital of the Kazakh Khanate and the Ak Horde (XIV-XV centuries), located on the route of the Great Silk Road, the city of Syganak, at one time was a center for the development of crafts and trade. This period of time is characterized by political stability and economic growth. A vivid evidence of the revival of economic life is the active construction of majestic buildings in the city. It is known from historical sources that many khans are buried in Syganak. Judging by the satellite images, there are many single hills and hills around the city. Archaeological excavations of some of these hills have shown that this is a mausoleum or a sagan. During the excavations of the mausoleum, a large number of facing terracotta tiles were found. In addition, in the course of research carried out at the eastern gate of the city under a brick platform, ornamented facing tiles were also recorded. Such tiles were found in subsequent years in other parts of the city. The analysis of the collected material made it possible to divide all the terracotta tiles from Syganak into five groups, covered with floral and geometric ornaments, some of them were made using the majolica technique, ornamented or without ornament. Comparative studies have shown that such facing tiles were widely used in the Central Asian region, and also spread to Asia Minor through the Oguz-Seljuks who migrated from the Syrdarya region.

Keywords: Syganak city, Syrdarya, terracotta tiles, majolica, floral ornament, geometric ornament.

**М.Гурсой¹, М.Амантуров², М.Бахтыбаев³*

¹PhD доктор Междоународный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан

E-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz

E-mail: maralbek.amanturov@ayu.edu.kz

² магистр преподаватель, Междоународный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан

³старший научный сотрудник, Междоународный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан

E-mail: mels.bakhtybayev@ayu.edu.kz

ДЕКОРАТИВНЫЕ ТЕРРАКОТОВЫЕ ПЛИТКИ ИЗ СЫГАНАКА

Аннотация

Столица Казахского ханства и Ак Орды (XIV-XV вв), расположенный на трассе Великого Шелкового пути город Сыганак, в свое время был центром развития ремесла и торговли. Этот период времени характеризуется политической стабильностью и экономическим подъемом. Ярким свидетельством оживления экономической жизни является активное строительство величественных сооружений в городе. Из исторических источников известно, что в Сыганаке захоронены многие ханы. Судя по космоснимкам, вокруг города много одиночных возвышенностей и холмов. Археологические раскопки некоторых из этих холмов показали, что это мавзолей или сагана. В ходе раскопок мавзолея обнаружено большое количество облицовочных терракотовых плиток. Кроме того, в ходе исследований, проведенных у восточных ворот города под кирпичной платформой, также зафиксированы орнаментированные облицовочные плитки. Такие плитки обнаружены в последующие годы и в других частях города. Анализ собранного материала позволил все терракотовые плитки из Сыганак разделить на пять групп, покрытые растительным и геометрическим орнаментом, некоторые изготовлены с применением техники майолика, орнаментированные или же без орнамента. Сравнительные исследования показали, что такие облицовочные плитки широко использовались в Центрально-Азиатском регионе, а также распространились в Малую Азию через Огуз-Селджуков, переселившихся с Сырдарьинского региона.

Ключевые слова: Город Сыганак, Сырдарья, терракотовые плитки, майолика, растительный орнамент, геометрический орнамент.

Кіріспе

Қазақстан территориясында өмір сүрген халықтар қоршаған ортаның берген мүмкіндіктері шеңберінде құрылыс ісін қалыптастырды. Тарихи тұрғыдан құрылыс ісі неолит дәуірінен бастау алғанымен, Қазақстан аймағындағы халықтар бұл тарихи төңкеріске бет бұруда кешеуілдеп қалды. Энеолит дәуірінде өмір сүрген тайпалар жергөле жасау ісін меңгерді. Бұл Қазақстан аймағында жылқының қолға үйретілген кезі болатын. Б.з.б. II мың жылдықта тарих сахнасына Андронов тайпалары шығып малшылық пен егіншілік, кен өндіру ісі және құрылыс салу жағын өзіндік үлгісімен

қалыптастырып, дамытуға атсалысты. Археологиялық деректер андронов тайпаларының басым көпшілігінің отырықшылық өмір сүргенін көрсетеді. Қоныс мекендер шөбі шүйгін кең жайылымы бар өзендердің жағалауларында орналасты. Патриархаттық отбасылардың үйлері үлкен жертөлелер түрінде салынды. Олардың жанына әр түрлі шаруашылық жайлар мен мал қамайтын қоралар салынды. Қола дәуірінің соңына таман Орталық Қазақстан тұрғындары қайтыс болған туыстарына тастармен бейіттер тұрғызды. Уақыт өте келе бұл түсініктің соңы кесене тұрғызуға ұласты. Мұны Қазақстандағы кейінгі қола дәуірінің көрнекті ескерткіші болып табылатын Түгіскен кесенелерінен көруге болады. Бұл кесенелер төртбұрышты, сарғыш түсті шикі кесектен салынған. Ғалымдардың пікірінше кесенелердің төбесі күмбезбен жабылған. Бұл Арал маңындағы ежелгі бақташылардың діни құрылыс техникасын барынша дамытқандығын көрсетеді. Дегенмен жоғарыда аталған кезендерде құрылыс материалы ретінде қаптамалар қолданылмады. VI-VIII ғасырларда, яғни Түркі кезеңінде құрылыс ісінің одан әрі дамығандығы байқалады. Мұны төменде Құлан қалашығы жайында келтірілген мағлұматтар көрсетеді. Тарих сахнасына Қарахандар шыққаннан кейін Қазақстан территориясында құрылыс ісі шарықтау шегіне жетті. Бұл дәуірде салынған құрылыстарда өсімдікті және геометриялық қыш қаптамалар көптеп пайдаланыла бастады. Одан кейінгі кезендер майоликалық қаптамалардың шығуына куәлік етті. Ортағасырдың ең ірі қаласының бірі болған Сығанақ қаласындағы құрылыстарда осындай қыш қаптамалар көптеп қолданылды. Мұны археологиялық қазба жұмыстары барысында алынған заттай деректер дәлелдей түседі. Біздің бұл мақаламыз 2003-2022 жылдар аралығында Сығанақ қалашығынан алынған қыш қаптамаларға арналып отыр.

Материалдар мен әдістер. Бұл мақалада, ұзақ жылдар бойы Сығанақ қалашығынан жинақталған қыш қаптамаларды топтау, жүйелеу және салыстырмалы тұрғыдан талдау мақсат етілді. Осы мақсатқа сәйкес бірінші кезекте өрнекті қаптамалардың Қазақстан аймағындағы алғашқы үлгілері қарастырылды. Бұл бөлімде саздан және өзге де материалдан жасалған қаптамалар қамтылды. Осыдан кейін 2003-2022 жылдар аралығында Сығанақ қалашығынан жиналған қыш қаптамаларға талдау жүргізіліп, бетіндегі өрнектері бойынша «өсімдік өрнекті қыш қаптамалар», «өсімдікті геометриялық қыш қаптамалар», «геометриялық қыш қаптамалар», «эпиграфиялық қыш қаптамалар» және «майоликалық қыш қаптамалар» деп бес топқа бөлінді. Бұлар өз ішінде сырлы және сырсыз деп жүйеленді. Сонымен қатар қыш қаптамалардың жасалу технологиясы анықталды. Осыдан кейін қыш қаптамалар Қазақстан, Өзбекстан, Түркменстан және Түркия аймағындағы ұқсас үлгілерімен салыстырылды. Бұл жұмысты атқару барысында бір-бірін көлеңке сияқты қайталайтын қыш қаптамалардың санаулы екендігі аңғарылды. Сондықтан – да салыстыру барысында жалпы стилдік және құрылысты әрлеу түсінігінің ұқсастығына баса назар аударылды. Ал, мақалада қыш қаптамалардың кезендер бойынша ұшыраған өзгерістер үдерісі қарастырылмады. Яғни бұл бойынша мағлұматтар жалпылама келтірілді.

Талқылау. Бұл тақырып зерттеу тұрғысынан Қазақстан бойынша кенжелеп тұр десек қателеспейміз. Ал, Сығанақтағы қыш қаптамалар бойынша алғашқы мақала 2009 жылы жарық көрген болатын. Бұл мақалада 2003-2008 жылдары жиналған материалдар жалпылама қамтылып құнды деректер келтірілген. Ашып айтар болсақ автор қыш қаптамаларды Отырар, Самарқанд және Саураннан табылған материалдармен салыстырып бұлардың түп тамырын Орта Азияның сәулет өнерімен байланыстырған [1, 196]. Қарастырылып отырған тақырыпқа байланысты екінші бір зерттеу 2012-2013 жылы жүргізіліп нәтижесінде «Сығанақ қаласынан табылған қыш қаптамалар» атты мақала жарияланған. Авторлар бұл мақалада қыш қаптамаларды сипаттай отырып он төрт топқа бөлген [2, 199]. Бұл мақалада қаптамалар өрнектері және ерекшеліктері бірдей бола тұра жеке топ ретінде қарастырылған. Яғни, қыш қаптамалардың өрнегі бірдей болғанымен формасы негізге алынып жеке жеке топтарға ажыратылған. Біздің оймызша бұл күрделі әдіс болып табылады. Сондықтан да біздер бұл мақалада қыш қаптамаларды бірінші кезекте ерекшеліктеріне қарай қарапайым түрде топтап, содан кейін әр бір топтың астына түрлерге бөліп, жүйелеп қарастыруды ұйғардық.

Нәтижелер. Алғашқы өрнектеу үлгілері. Қазақстан аймағында ең ерте кезге мерзімделетін өрнекті қабырғалар әзірге Құлан қалашығынан табылып отыр. Бұл қалашық Тараз қаласынан шығысқа қарай 120 км жерде, Қырғыз алатауының солтүстік баурайында орналасқан. Араб географы Якут әл-Хамаури Құланды «түркі елдерінің шекарасында Мәуреннаһр жағында орын тепкен әсем қала» деп көрсеткен. Сонымен қатар, әл-Асир өз еңбегінде «құлан араб жорықшылары тұрақтаған батыстағы ең шеткі қала» деп мәлімдеген. Құлан қалашығының іргесі VII ғасырда қаланған. Қала XIII ғасырдың басына дейін өмір сүрген. Қазіргі таңда көлемі 320x300 м, биіктігі 9-10 м келетін үлкен төбе ретінде сақталған. Жүргізген зерттеу жұмыстары барысында сарай орнымен үй қожалықтардың орны табылды. Ашылған құрылыстардың қабырғалары сабан араласқан кесектерден тұрғызылған. Қабырғаның ішкі бетіне

сылақты қалып етіп жағып, оның үстін алебастрмен әктеген. Бұл жұмыс ұзақ жылдар бойына атқарылғандықтан қабырға бетінде әктің қалып қабаты қалыптасқан. Бөлмелердің төбе жабындысы көлбеу қаланған сабан аралас кесектерден тұрады. Кейбір бөлмелер күмбезбен жабылған. Күмбез жоспарда төрт бұрышты бөлменің бұрыштарындағы аркалы етіп қаланған тромтарға орнатылған [3, 139]. 2015 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында ортасында алтарь ошағы бар бөлме табылды. Бұл бөлме сарай халқының рухани өмірінде айтарлықтай орын алса керек. Бөлменің шығыс қабырғасы қуыс етіліп салынған. Осы қуыстың екі жанынан және қабырғаларының кей тұстарынан өсімдік және геометриялық өрнектер анықтаған (1-сурет). Бұлар балшықты ою және қашау арқылы жасалған. Сонымен қатар, қабырғаларға аңдардың, бастарына тәж таққан немесе шүберек байлағандармен үстіне сауыт киген және қолына жалау ұстаған адамдардың бейнелері сызылған. Бұлардың жасалу технологиясы мен қабырғадағы бейнелердің иконографиялық ерекшеліктері Құлан сарайының VII-VIII ғасырларға тиесілі екендігін көрсетті [4, 65]. Өрнекті материалдың тағы бір үлгісі Отырар ауданына қарасты Қоғам ауылынан солтүстік-батысқа қарай 3 км жерде орналасқан Құйрықтөбе ескерткішінен табылды. Бұл жердегі өрнекті материалдың атап айтар ерекшелігі **ағаштан жасалғандығында болып отыр**. Құйрықтөбе сарайы VI – IX ғасырдың бірінші жартысында болған өрттің әсерінен отқа оранған. Дегенмен салтанат сарайын әшекейлеген оюлы ағаштар өрттен аман қалған. Өрнекті ағашта құдайлар және өсімдік немесе геометриялық өрнектер мен мифтік сюжеттер салынған. Мұндай құрылыс жүргізу әдісі Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға тән. Құлан және Құйрықтөбеге ұқсас нысандар Өзбекстан (Ақ Тепе сарайы) және Тәжікстаннан (Пенджикент) анықталды. Пенджикентте ағаш және сазбалшықтан жасалған өрнекті материалдар қолданылған. Бұларға Құйрықтөбедегілерге ұқсас өрнектер түсірілген [5, 232]. Қазақстан аймағында ерте орта ғасырлардан бастап құрылыстарда, оның ішінде сарай құрылыстарында өрнекті материалдар қолданылған. Бұларда өсімдік және геометриялық өрнектермен қатар құдайлар бейнеленген. Мұны сол кездегі халықтардың көркем өнері мен рухани дүниетанымының синтезі ретінде қарастыруға болады. Мысалға, Құлан сарайының қабырғалары өрнектермен көмкеріліп кейбір қабырға беттеріне тәж таққан хандар немесе құдайлар бейнеленген. Мұндай көрініс Құйрықтөбе сарайында да орын алған. Бұлар, қаған бейнесі гүлдермен әсемделген ортада отыру керек, оны құдайлар қорғасын немесе хандар құдайлардың жердегі өкілі деген түсінік негізінде орындалды ма деген ойға жетелейді. Өрнекті материалдар кейінгі орта ғасырда кеңінен қолданыла бастайды. Бұл кезде кесенелер, мұнаралар, мешіт медреселер мен кейбір маңызды ғимараттардың қабырғалары өсімдік немесе геометриялық өрнекті қыштармен қапталған. Сыр бойындағы кейінгі орта ғасырлық қалашықтардың орнын қазған кезде бұлардың көптеген үлгілеріне тап болған. Көпшілігі саз балшықты ою немесе кеспелеп оймыштау әдісі арқылы рельефті түрде жасалған. Бұлардың бетіне өсімдік өрнектері түсіріліп беті әр түрлі түстермен сырланып, шыңылтырланған. Ұзақ жылдар бойы Сығанақ қалашығында жүргізілген қазба жұмысы нәтижесінде көптеген қыш қаптамалар алынды [2, 199].

Сығанақтың сәулеттік қыш қаптамалары. Қыш қаптамалардың жасалу технологиясы. Қыш қаптама немесе терракота жасау ([итал. Terracotta](#) - жер, күйдірілген балшық) - көзешіліктің бір түрі. Қыш қаптама жасау технологиясы үлкен төрт сатыдан тұрады:

1. Шикізат таңдау мен саз қамырын дайындау.
2. Белгілі бір формаға келтіру немесе пошымдау (формовка)
 - 2.1. Қалыпта пошымдау.
 - 2.2. Кесіп оймыштау әдісі.
3. Кептіру және күйдіру.
4. Сырлау [6, 80-82].

Ал, ендігі сөзді Сығанақ қалашығынан табылған қыш қаптамалардың шикізатын қайдан алғандығынан бастайық. Дәл Сығанақ қалашығы орналасқан жер мен оған жақын жерлердің топырағы сортаң және кебір болғандықтан қыш қаптамаға жасауға жарамсыз екені белгілі. Ахмет Ясауи кесенесінің қыш қаптамаларына қажетті шикізатты Түркістан қаласынан 45 км жердегі Сауран қалашығының маңынан алғанын білеміз. Сығанақ қалашығының қыш қаптамаларына қажетті шикізатты 100 км жердегі Саураннан тасыды деген әрине мүмкін емес тәрізді. Қазіргі таңда Сығанақ қалашығының жанындағы Сунақата ауылы және соған жақын ауыл тұрғындары кесек құюға қажет топырақты Сунақата ауылының оңтүстік-шығысынан 10-12 км қашықтықта орналасқан карьерден алатыны белгілі. «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің қызметкерлері де осы карьердің топырағын Сығанақ қалашығының уақытша сақтау мен қайта жаңғырту жұмыстарына пайдалануда. Яғни, Сығанақ қалашығының қыш қаптамаларын Сүттіқұдық ауылының солтүстігіндегі жергілікті тұрғындар «Божбан әулие» - деп атап кеткен мазараттың жанындағы осы карьерден алған болу мүмкін. Мұны әрине алдағы зерттеулер мен қыш қаптамалар мен

карьер топырағын анализ жасағаннан кейін нақтылайтын боламыз. Дайын шикізат қыш қаптама дайындалатын орынға жеткізілгеннен кейін, суға иленіп бір-екі күн жатқызылып ашытылатын болған. Ашытылып болған лайға шамот (майдаланған қыш), кейде майдаланған тас қосып бетонит қоспасымен араластырып қайта жатқызылады. Бетонит деп отырғанымыз халық арасында «той кесек»-деп атап кеткен сарғыш-сұр түсті саз балшық. Аңыз бойынша, Ахмет Ясауи кесенесінің кірпіштерін бие сүтімен жатқызды деп те айтылады. Бұл дайын болған массаны тағы бір жетідей беті жабылып, иуі қанғанша жатады. Қалыпта пошымдалған дегеніміз, дайын саз қамырын қалыпқа салып жасайды. Дайын қалыпқа саз қамырын салып арқасынан алақанмен немесе ағаш балғамен ұрғылап дайындалады. Ал, кеспе әдісі дегеніміз тығыз қамырлы сазды қыш қаптама формасына келтіріп, бетіне арнайы жасалған трафаретті қойып, артық жерін өткір ұшты аспаппен кесіп алып отырған. Арнайы формаға келтірілген қаптама қыштар күн көзіне кептіріледі. Кептірілген дайын қыш қаптамаларды күйдіруге алып келеді. Күйдіру пешіне салынған қыш қаптамалар 900°-қа дейін күйдіріліп, осы температурада 5-6 сағат бойы тұрады. Содан соң қаптама қыштар тағы суығанша күтіледі. Осылай сырсыз қыш қаптамалар дайындалады. Қыш қаптаманы жасаудың ең жауапты кезеңі де осы күйдіру процесі. Пеш қызуын дұрыс реттелмеуінен көп қаптамалар осы процестен кейін жарамсыз болып отырған. Сондықтан да қаптаманы күйдіруге зор жауапкершілікпен қараған. Сығанақ қалашығының зерттелуіндегі тағы бір мәселе кірпіш күйдіруге арналған пештердің әлі табылмауы. Мүмкін алдағы зерттеулерде анықтала жатар. Бұл әрине келешектің еншісіндегі нәрсе. Жоғарыдағы қыш қаптама жасау технологиясының үш сатысы ол сырсыз қаптамаларға тән процесс. Ал, жоғарыдағы үш сатыдан өткен сырлы қыш қаптамалар осы сырлау процесінен өтеді. Арнайы формаларға келтіріліп күйдірілген қыш қаптамаларға арнайы бояу қоспалар жағылып тағы да күйдіру пешіне жөнелтеді. Тағы 500°-600°-та күйдірілгеннен кейін әр-түрлі түстер береді. Кобальт пен калиді қосып таза көк түс, кобальт пен натриді және қорғасынды қосып сия көк түс, күміс тотығы мен араластырып сары түстерді алып отырған [7, 20-22]. Осылай қыш қаптамалар мен жарқ-жұрқ еткен сырлы майоликалық қаптамалар, Сығанақ қалашығының архитектуралық туындыларына қалануға кете барды. Әрине бір өкініштісі осы туындылардың біздің заманымызға дейін жетпегені, жартылай сақталғандарының өзі совет заманында қолмен қиратылғандығы.

Қыш қаптама формалары. Сығанақ қалашығын зерттеу барысында анықталған қыш қаптамалардың сыртқы формаларына қарап төрт топқа бөлдік:

1. Үшбұрышты.
2. Төртбұрышты және шаршылы.
3. Алты бұрышты және сегізбұрышты.
4. Көпбұрышты және шырша жапырақты.

Сырсыз қыш қаптамалармен қатар, сырлы қаптамалар да осы төрт топтағы геометриялық фигуралар негізінде жасалынғанын аңғаруға болады.

Бірінші топ: Сырлы және сырсыз үшбұрышты қыш қаптамалар. Үшбұрышты қыш қаптамалар көлемі жағынан шағын болып келеді. Олар ғимарат қабырғаларының сыртқы немесе ішкі жағын безендіруге арналған қаптама болып табылады. Үшбұрышты сырлы қаптамалардың барлығы дерлік бұрыштары кертілген, ал сырсыздарының бұрышы сүйірлене жасалған.


Екінші топ: Сырлы және сырсыз тік төртбұрышты және төртбұрышты қыш қаптамалар.

Үшінші топ: Бұл топтағы қыш қаптамалардың сыртқы формалары алты және сегіз бұрышты немесе сегіз сәулелі қаптамалар.

Төртінші топ: Көпбұрышты немесе шырша жапырақты деп отырғанымыз сыртқы пошымы шырша жапырағы тәрізді жасалып бір-бірімен қиюласатындай етіп жасалған қаптамалар. Бұл қыш қаптамалар бір жағы қос өркеш тәрізді, қарама-қарсы жағына қос кертік жасалып сол арқылы бір-біріне кіріктіріле жапсырылатын болған.

Қыш қаптамалардың бетіне түсірілген өрнектерін сараптай келе, оларды «өсімдік ою-өрнекті», «өсімдікті-геометриялық ою-өрнекті», «геометриялық ою-өрнекті», «эпиграфиялық ою-өрнекті» және «шыңылтырланған қыш қаптамалар» деп бес топқа бөлінді. Әр топ өз ішінде сырлы және сырсыз болып тараушаларға бөлінді. Ендігі кезекте аталған топтағы қыш қаптамаларға кеңінен тоқталып өтейік.

1-



сурет-Құлан

қалашығының сарайындағы қыш қаптамаларды тазалау сәтінен

Өсімдік ою-өрнекті қыш қаптамалар. Сырсыз. Қыш қаптамалардағы өрнектерден бірден көзге түсетіні өсімдіктер бейнесі (2-сурет). Өрнектері кеспе тәсілімен жасалған. Көпкомпозициялық өрнек пальмет стилінде ортадан тарайды, үшкір формалы жапрақтардың төменгі жағы толқын тәрізді жасалған, сонымен қатар, ширатылған жапрақтар оюы да кескінделген. Қазақтың қошқар мүйіз оюы мен қызғалтақ стиліндегі өрнектің ұқсастығын байқаған ойы ұшқыр шеберлер, екеуінің қосындысынан туған өрнектерді жапырықшалармен түрлендіре отырып керемет композициялық өрнектерді дүниеге алып келді. Соларды керемет шеберлікпен қаптама беттеріне орналастырып отырды. Яғни, әр қыш қаптаманы жасаған сайын, шеберлер өмірге жаңа туындының келіп жатқанын білген жоқ. Осындай асқан шеберлікпен жасалған қыш қаптамалармен қапталған сәулет өнерінің туындыларының қандай әсем болғандығы айтпаса да түсінікті.

Сырлы. Сырлы қыш қаптамалардың өсімдікті өрнекпен нақышталғандарында да, сырсыз қаптамалар тәрізді қызғалтақ өрнек арақидік кездесіп отырады (3-сурет). Өрнектері кеспе тәсілімен жасалған. Көпшілігінде өсімдік жапырықтарын түрлендіре отырып керемет үйлесімділікпен қаптама беттеріне жайғастырып отырған. Сырлы қыш қаптамадағы өрнектің сырсыз қыш қаптамадағы өрнектен айырмашылығы, қаптаманы шыңылтырлау процесінен кейін өрнектердің анықтығының әлсіреуі. Яғни, бояу жамылғысының салдарынан өрнек қырлары доғалдынып, өрнек дәлдігінің жоғалуы. Кейбір сыры қалың жағылған қаптамаларда өрнектерін ажырату да қиынға соғады. Бірақ зер салып қараған адам өрнегінің өсімдікті екенін байқайды [8].



өрнекті қаптама



2-сурет-Өсімдік өрнекті қаптама

3-сурет- Өсімдік

Өсімдікті-геометриялық қыш қаптамалар. Сырсыз. Өсімдікті-геометриялық өрнекпен нақышталған қыш қаптамаларда өсімдікті өрнекке қарағанда геометриялық өрнек басымдау (4-сурет). Өрнектері батырма (штамп) тәсілімен жасалған. Бұл қыш қаптамаларда тік сызықтардың қиылысуы нәтижесінде пайда болған бес бұрышты, үш бұрышты, ромб тәрізді фигуралардың ішіне өсімдікті өрнек орналастырылған. Геометриялық фигуралардың ішінде алты және сегіз бұрышты өрнектер де кездеседі. Өсімдікті-геометриялық өрнекті қыш қаптамаларда ең көп кездесетіні, бес бұрыштың ішіне түсірілген өсімдікті өрнектің қазақша нақышпен үйлестіре жасаған түрі. Бес бұрыштың ішіне бес жапырақты, қазақтың қошқар мүйіз және сыңар мүйіз өрнектері де көптеп кездеседі. Қыш қаптамалардың кейбірінің рельефті ойықтарына, майоликалық қаптамаларды отырғызып отырған.

Сырлы. (5-сурет). Өрнектері батырма (штамп) тәсілімен жасалған. Дегенмен олар да түрлі-түрлі өрнектерге өте бай. Бес бұрышты, үш бұрышты, ромб тәрізді фигуралармен қатар бұл сырлы қаптамалардың кейбірінде бес жұлдыздан шашырата түсірген сызықтарды қосу нәтижесінде пайда болған он бір бұрышты фигура да кездеседі. Сырсыз қаптамаларда кездескен бес бұрыштың ішіне түсірілген өсімдікті өрнекті үйлестіре жасаған түрі сырлы қаптамаларда да көптер кездеседі [9].




4-сурет-

Өсімдікті-геометриялық
қаптама



5-сурет-Өсімдікті-геометриялық қаптама

Геометриялық өрнекті қыш қаптамалар. Сырсыз. Сырсыз геометриялық өрнекті қыш қаптамаларда өсімдікті өрнек әрине кездеспейді (6-сурет). Өрнектері кеспе тәсілімен жасалған. Бұл топтағы қыш қаптамалардан тор өрнектілерді, майда дөңгелекшелерді, шексіздік белгісінің тор өрнекке ұласуын және түрлі геометриялық фигуралардан туындаған керемет сәнді композицияларды көре аламыз. Қаптама беттеріндегі өрнектерден ең көп кездескені тор өрнекті қыш қаптамалар. Тор өрнекті деген сөзге нақтырақ тоқталатын болсақ, свастика графикалық символы үлгісінде жасалған. Яғни, тең ұшты тік бұрышпен иілген «+» түріндегі белгі. Осындай төрт символдық білгінің түйіскен жеріне зер сала қарасақ шексіздік белгісі графикалық символын көруге болады. Тор өрнекті қаптамалардың ішінде кесінді көрінісінде доға тірізді тор өрнектілер де табылды. Бұлар сәулет өнері туындылары порталдарының бұрыштарына арнап жасалған тәрізді. Бұл топтағы қыш қаптамалардың тағы бір түрі кірпіш қаландысы тәрізді тепшекті өрнектілері. Өрнек композициясы ромб фигурасының ортасында «+» белгісі түсірілген.



6-сурет- Геометриялық өрнекті қаптама

Сырлы. Сырсыз геометриялық қыш қаптамалардағы өрнектер, сырлы геометриялық қаптамалардағы өрнектер де кездесіп отырды. Бірақ сырсыз қыш қаптамаларға қарағанда біршама аздау. Тор өрнек сырлы геометриялық қаптамаларда басқаша сарында, шахмат тақтасы үлгісінде көрінеді. Шахмат тақтасында ақ, қара тік төртбұрыштар алмасып келсе, қаптама беттерінде рельефті және тегіс тіктөртбұрыштар алмасып отырады. Сия көк пен аспан көк түсті сыртына алмастыра жаққанда керемет бір құбылмалы өрнек композициясын көруге болады. Сығанақ қалашығының оңтүстігіндегі сағанадан табылған тік төртбұрышты қаптамада, майда квадрат төртбұрыштар рельефсіз түсіріледі. Бір таңқаларлығы бұл қаптамада ақ, көк, сия көк, алтын жалатқан квадраттар мозайка әдісімен құрастырылған [10].

Эпиграфиялық өрнекті қыш қаптамалар. Сырсыз. Сырсыз қыш қаптамалардың ішінде арапша әріппен жазу түсірілгендері де кездесіп отырды. Соның ішінде әріптер толық оқылуға келетіні бір дана, қалғандары археологиялық бүтін емес майда бөліктер. Өлшемдерін саралай келе бұл фрагмент қыш қаптаманың 4/1 бөлігі екендігін байқауға болады. Бетінде араб әріптерімен жазылған толық емес ماغا [маға] деген сөздер бар. Әріптердің араларына, яғни, бос жерлерге өсімдікті өрнектер түсірілген.

Сырлы. Сырлы эпиграфиялық өрнекті қыш қаптамалар көптеп табылғаныменен, бүтін табылғандары некен-саяқ. Бұл топтағы қаптамалардың археологиялық бүтін саналатыны, әріптері оқылуға келетіні бір дана (7-сурет). Көк түсті шыңылтырмен көмкерілген қыш қаптамада арабтың لا... [лаһу] деген екі әріпі сақталған. Транскрипциясында төрт әріп болғанымен, арабтың екі әріпі төрт дыбыс беруіне байланысты екі әріп болып оқылады. Арап әріптерінің дәйекше белгілерінің өзін өсімдік стилінде құлпырта өрнектей келе, қалған бос бөліктерін сол өрнектерге ыңғайлай тор көздендіре түсірген. Сақталған көлемі 40x28x9.5 см бөлік қыш қаптаманың орта тұсы. Осыған қарап түп нұсқасының көлемінің қандай болғандығын аңғаруға болады. Ал қалған қыш қаптамаларда арап әріптерінің оқуға келмейтін бөліктері ғана сақталған. Бұл қаптамаларда тек әріптер ғана сырланған. Қаптаманың қалған бөліктері сырланбаған. Қалған бос жерлерін өсімдікті өрнекпен үйлестіре түсірген.



7-сурет-
қаптама

Эпиграфиялық өрнекті

Шыңылтырланған қыш қаптамалар. Өрнекті қыш қаптамалар. Майоликалық өрнекті қыш қаптамалардың сия көк, аспан көк түстілерімен қатар ақ, сары, жасыл түстермен нақышталғандары да


табылды (8-сурет). Аспан көк, сия көк түстерді алмастыра сырланғандарын да осы өрнекті майоликалық қыш қаптамалар тобына жатқыздық. Бұл екі түспен сырланған қыш қаптамалардың көп табылғандары төрт бұрыш қаптамалардың ортасы сия көк, ал екі шетіне аспан көк түспен жолақ түсірілгендері. Ал өрнекті майоликалық қыш қаптамалардың алты бұрыштылары, сегіз бұрыштылары, төрт сәулелілерімен қатар ромб тәрізділері де анықталды. Өрнекті майоликалық қыш қаптамалардың көпшілі өсімдік стилінде нақышталған. Сырсыз қыш қаптамалардағы қызғалдақ стиліндегі өрнектер бұл майоликалық қаптамаларда бұрыштары доғалдана мақтагүлді өрнек тәріздендеріп түсірілген.

Өрнексіз, бір түсті қыш қаптамалар. Бір түсті майоликалық қыш қаптамалардан да ең көп анықталғаны сия көк түстілері мен аспан көк түстілері. Қаптамалардың көпшілігі осы екі түсті ғана пайдаланып төрт бұрышты болып жасалған. Ал екі шеті бір-бірімен байланысу үшін жасалған кертіге барлары да кездеседі. Бұлардың көлемдері де әр-түрлі. Бұл бір түсті майоликалық қаптамаларды өсімдікті геометриялық қаптамалардың кейбір рельефті ойықтарына отырғызып отырған. Алты бұрышты сырсыз қаптамаларды қабырғаға жабыстырған кездегі бос орындарға да осы майоликалық қаптамалардың бір түстілерін орналастырған.



Өрнексіз, бір түсті майоликалық

қыш қаптама



Сығанақтың қалашығының шығыс қақпасында жүргізілген зерттеу нәтижесінде, сәулет туындысының негізгі қыштарын қоспағанда сәулеткерлік қыш қаптамалар аз табылмады. Негізгі қыштар деп отырғанымыз, қақпа құрылысына арнайы құйылған өрнексіз қыштыр. Ал сәулеткерлік қыштар әр-түрлі өрнекпен нақышталып жасалған қыш қаптамалар. Қақпаның астыңғы бөлігіндегі кірпіш қаландыларының көпшілігі көлемі 25x25x5см бүтін кірпіштермен өрілсе, үстіңгі бөлігіне жартыкеш қыштарды молынан пайдаланылған. Үстіңгі бөлігі деп отырғанымыз, қақпаның жөндеу жұмыстарынан кейінгі қайта тұрғызылған бөлігі. Жоғарыда аталған қыш қаптамалар осы жоғарғы бөлігінен, кірпіш қаландыларының арасынан анықталды. Яғни қыш қаптамаларды қақпаны қайта жөндеуге пайдаланып жіберген. Жоғарыдағы қыш қаптамалыр соның бірсыпырасы ғана.

Ал қыш қаптамалар бұл жерге қайдан келді дейтін болсақ, кейінгі жылдары Сығанақ қалашығын рабатынағы сағаналарға жүргізілген зерттеулерден белгілі болды. Шығыс қақпадан анықталған қыш қаптамалардың барлық түрі сол сағаналардан кездесіп отырды. Түптеп келгенде қақпаның жөндеу жұмыстары кезінде жетпеген қыштарды айналадағы қираған сағаналардан әкеліп отырған.

Қыш қаптамаларға тоқталатын болсақ сыртқа формасына, жасалу техникасына, ою өрнегіне қарай алуан түрлі. Жасалу техникасына қарай екі түрге: қалыпта пошымдалған және кеспе әдісімен деп бөлуге болады. Қалыпта пошымдалған дегеніміз, қамыры сәл жұмсақтау сазды қалыпқа салып жасайды. Ал кеспе әдісі дегеніміз тығыз қамырлы сазды қыш қаптама формасына келтіріп, бетіне арнайы жасалған трафаретті қойып, артық жерін өткір ұшты аспаппен кесіп алып отырған. Ою өрнектері өсімдікті және геометриялық болып келген қыш қаптамалардың кейбірінің рельефті ойықтарына, майоликалық қаптамаларды бір бөлігін отырғызып отырған. Аталған қыш қаптамалардың көпшілігі бір-бірімен қиюласатындай етіп жасаған [11].

Салыстырмалы талдау. Қазақстан аймағында түрлі ғимараттарды өсімдікті және геометриялық өрнекті қыш қаптамамен қаптау әдісі шамамен X-XII ғасырда кеңінен қолданыла бастады. Бұл құрылыс техникасы XIV-XV ғасырда да жалғасын тауып, XIX-XX ғасырларға дейін келіп жетті. X-XII ғасырларда

Қырғыз Алатауы баурайында Қарахандықтар ал, Сырдарияның ортаңғы ағысы мен оңтүстік батыс Қазақстан аймағында Селжұқтар өмір сүрген болатын. XV-XVIII ғасырларда Қазақстан территориясына Қазақ хандығы үстемдік жүргізген еді.

Сығанақ қалашығынан табылған өрнекті қаптамалардың ұқсас аналогтарын жартылай бүлінген кесенелер мен үйінді ретінде сақталған қалашықтардан кездестіреміз. Мұның ең жарқын үлгісі ретінде Айша-Бибі кесенесін атауға болады.

Айша-Бибі кесенесі Тараз қаласынан батысқа қарай 18 км жердегі Айша Бибі ауылында орналасқан. Бұл кесенені нақты кімнің салдырғаны белгісіз. Аңыз бойынша кесенені Қарахан әміршісі Махмуд Қарахан салдырған деседі. Кесененің ауданы 7,6х7,6 м. Жоспарда төрт бұрыш пішінді. Бұрыштарына жоғарыға қарай тарала түсетін цилиндр пішінді бағана тұрғызылған. Бұл кесененің батыс жақ бетімен бұрышында тұрған бағанасы түпнұсқа күйінде осы күнге дейін келіп жеткен. Кесене XI-XII ғасырлармен мерзімделінеді [12, 33].

Кесене 24х24х5 см көлеміндегі қызыл қыштардан тұрғызылған. Қасбеті мен екі қапталына күн тәрізді өрнектер түсірілген. Кіреберісі шығыс жағында орналасқан. Жоғарғы жағы арка тәрізді болып келген. Кесененің сыртқы қабырғалары мен бағаналары саздан ойып жасалған геометриялық қыш қаптамалармен көмкерілген. Кейбір өрнектер қазақ оюларына ұқсас келеді.

Құрылысы жағынан Айша-Бибі кесенесіне ұқсайтын ескерткіштер Орта Азия аймағында да кездеседі. Бұл орайда Түрікменстандағы Керкі қаласына жақын орналасқан Алемберді кесенесі (XI ғ.), Көне Термездегі Сұлтан Садат кесенесі (XI ғ.) және ескі Мерв маңындағы Талқатын Баба мешіт намазханасын айтуға болады (XX ғ.) [13, 52]. Тақырыбызға қатысы бар ескерткіштердің бірі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Көмекбаев ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 106,5 шақырым жерде орналасқан Сырлытам кесенесі болып табылады. Бұл кесененің арка тәрізді кіреберіс пилонының маңдайшасына көк түспен шыңылтырланған бір тегіс майоликалық қыш қаптама орнатылған. Сонымен қатар кесененің бұрыштары өсімдік өрнекті қыш қаптамалармен көмкерілген [12, 388].

Сыр бойында орналасқан Қышқала ескерткішінен де өсімдікті, геометриялық өрнекті және майоликалық қыш қаптамалар табылған. Табылған заттай деректер Қышқаладағы құрылыстарды сәндеуге өрнекті қыш қаптамалар қолданылғандығын көрсетеді. Бұлардың көлемі әр түрлі. Үлкендері 42х36 см, кішілері 15х10 см. Бұлар өрнектеу тұрғысынан да әр түрлі ерекшелікте жасалған. Атап айтар болсақ сегіз қырлы оюлап жасалғандарымен қатар, арабша жазу түсірілгендер, өсімдікті және геометриялық өрнектер, ақ, сары, қоңыр, қанық және ашық көк түсті майоликалық түрде жасалған. Мұндай қаптамаларды Ұлытау өңіріндегі Алаша хан кесенесі мен Ақмола облысындағы XIV-XV ғғ. тиесілі Жәнібек – Шалқар кесенесінен де кездестіруге болады [14, 27; 15, 123].

Өрнекті қыш қаптамалар Қазақстаннан бөлек Түрікменстан, Өзбекстан және Түркиядағы кесенелерде де пайдаланылған. Мысалға, Түрікменстандағы ортағасырлық Данданкана мешітінің қабырғалары өсімдікті және геометриялық өрнекті қыш қаптамалармен әрленген [16, 256]. Құрылыс материалдары бір қарағанда Сығанактан табылғандарды еске түсіреді. Пугаченконың келтірген деректеріне сүйенсек аталмыш мешіттің IX-X ғасырда салынғандығын аңғарамыз.

Өзбекстан аймағындағы ескерткіштерге келер болсақ, бұл орайда Магоки-Аттари мешітін айтуға болады. Бұл мешіт Бухара қаласының орталығында XII ғасырларда салынған. Көлемі 13,35х17,6 метр, шығыстан батысқа қарай созылған тікбұрышты ғимарат. Төбесі күмбезбен жабылған. Батыс қабырғасының ортасында михраб орналасқан. Негізінен бұл мешіт қазіргі жер деңгейінен 4,5 м төмен орналасқан. Мешіттің екі кіреберісі бар. Яғни оңтүстік және шығыс порталдары. Арка тәрізді оңтүстік порталының маңдайшасына көк түспен шыңылтырланған өсімдік өрнекті қыш қаптама орнатылған. Сонымен қатар порталдың сыртқы беті мен ішкі бетіне геометриялық қыш қаптамалар жабыстырылған. Ғалымдар мешіттің өрнекті қыптамаларын Қараханид өнерімен байланыстырған. Жалпы бұдан бөлек Өзбекстанда Буян Кули Хан, Ұлықбектің медресесі, Абдулазиз Хан медресесі, Гиждувани ескерткіші секілді көптеген кесенелермен мешіт медреселердің сыртқы беті өсімдік өрнекті және арабша жазуы бар қаптамалармен әрленгендігі белгілі. Бұлардың көпшілігінің беті көк және жасыл түспен шыңылтырланған. Соңғы аталған сәулет ескерткіштері XIII-XV ғасырлар арасында салынған [17].

Қазақстанда монументалды сәулеттік ескерткіштердің көпшілігі IX-XII ғасырлар және XIII ғасырдың басында салынды. Ғалымдар кез келген сәулеттік құрылыстарды шаруашылықтың, сауда саттықтың және өндіріс ісі дамуының көрінісі ретінде түсіндіреді. Сырты өсімдікті, геометриялық немесе майоликалық қыш қаптамалармен әрленген ескерткіштер IX-XIII ғасырлар аралығында Қазақстанның барлық өңірінен кездеседі. Олардың ортақ белгісі күйдірілген қызыл кірпіштен салынуы, құрылыс заңдылықтарын қатаң сақтауы, кірпіштің стандартты болуы және ою-өрнектерінің нәзік болып келуі. Ғалымдардың пікірінше

Қазақстанның батыс өңіріндегі оғыз – селжұқ тайпаларының архитектуралық ескерткіштері Қарахан ескерткіштерінен сәл бөлектеніп тұрады [18, 256]. Дегенмен ұқсас тұстары да аз емес. Сондықтан Анадолудағы Селжұқ ескерткіштерін салыстырмалы тұрғыдан қарастыруды жөн деп таптық.

Түп тамыры Оғыздарға барып тірелетін Селжұқ тайпаларының қолбасшысы Алпарслан 1071 жылы Кіші Азия территориясын жаулап алғаннан кейін жоғарыда аталған сәулет өнері Анадолу территориясына да тарады. Осы тұста мына бір жайтты ескерген жөн. Анадолудағы Селжұқ ескерткіштерінде қолданылған қаптамалар Сығанақтағыларды көлеңке сияқта қайталамаса да жалпы құрылыста оймышталған өрнектерді қолдану түсінігі тұрғысынан ұқсастық байқалады.

Мысалы, Түркияның Сивас қаласында орналасқан Гөк медресесінің порталы, Кония қаласындағы Инже мұнара медресесінің порталы, Кайсери қаласындағы Хуанд Натун медресесінің порталы, Дүнясыр ұлы мешітінің михрабы, Сивастағы қос мұнаралы медресенің порталы және Кайсери мен Сивас тас жолы бойында орналасқан Сұлтанхан порталының ішкі беті өсімдікті және геометриялық өрнекпен безендірілген. Сонымен қатар Сивастағы Кейкавус Дарүшшифасы кесенесінде, Токаттағы Гөк медресесінің ауласында, Кониядағы Каратай медресесінде және Сырчалы мешітінің михрабында майоликалық өрнек қолданылған. Зерттеушілер аталмыш ескерткіштердің барлығын Селжұқ тайпаларының мұрасы ретінде қарастырып XIII ғасырға жатқызған [19, 16, 114].

Қорытынды. Өнер - адам санасын, ішкі дүниесі мен дүниетанымын эстетикалық тұрғыдан бейнелейтін құбылыс. Өнер арқылы адам баласы өмірде орын алған жайттарды, оқиғаларды және қоршаған ортаның көркемдік элементтерін сол қалпында немесе өзгерте отырып эстетикалық тұрғыдан суреттеген. Қандайда бір өнер туындысының детальдары сол заманның өмір сүру салтына, дүниетанымына, сеніміне және саяси жағдайына қарай беріліп отырған. Нақты айтар болсақ, Қазақстан аймағында ерте темір дәуірінде өмір сүрген халықтар қоршаған ортамен етене тығыз байланыста болғандықтан өздерінің әшекей бұйымдарында аңдық бейнелерді көптеп қолданған. Ал, ортағасырдағы халықтар ислам дінін қабылдағаннан кейін өсімдікті, геометриялық өрнектермен қатар арабша жазуы бар құран аяттарын саздан жасалған тақтайшаларға бейнелеп өздерінің сәулеттік туындыларында қолданған. Дегенмен, ерте ортағасырлық Құлан қалашығынан алынған заттай деректер Орта Азия аймағына ислам діні толықтай таралмай тұрған кезеңде де құрылыстарда өсімдік және геометриялық өрнекті материалдардың қолданылғандығын дәлелдейді. Сондықтан Қарахан дәуірінде көптеп қолданылған қыш қаптамалардың түп тамыры түркі кезеңіне барып тірелуі де мүмкін.

Жалпы Қазақстан және Орта Азия аймағындағы құрылыстарда қыш қаптамалар шамамен X-XII ғасырлардан бастап көптеп қолданыла бастайды. Мұны Өзбекстан және Түркменстандағы мешіт-медреселер мен кесенелер дәлелдей түседі.

Сығанақ қалашығынан табылған қыш қаптамалар түрлі формада жасалғанымен олардың бетіне не өсімдік не болмаса геометриялық өрнектер түсірілген. Сонымен қатар майоликалық деп сипатталған қаптамалардың бетіне көк, жасыл, сары түспен өсімдіктер салынып немесе жазу түсіріліп шыңылтырланған. Ал, кейбірлері тегіс бір түспен ғана орындалған. Бұлардың барлығы Сығанақтағы ғимараттардың ажарын аша түскені белгілі. Сығанақ қалашығында қыш қаптамалардың көп табылуы мұнда саз бұйымдарды жасайтын шеберлердің өзіндік бір ортасы қалыптасқандығын көрсетіп қана қоймай ғылыми техникалық тұрғыдан белгілі дәрежеде жетістікке жеткендігінен хабардар етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Жолдасбаев С., Мұстапаева Д. (2009). Ортағасырлық Сығанақ қаласының сәулеттік керамикасы // *Известия НАН РК. Серия общественных наук.* №1. Б.196-199.
2. Жолдасбаев С.Ж., Бахтыбаев М.М., Нұрханов Б.Ө., Амантуров М.Қ. (2014). Ортағасырлық Сығанақ қаласынан табылған қыш қаптамалар // *Ясауи университетінің хабаршысы.* № 2 (89). Б.199-205.
3. Байпақов Қ. (2007). *Қазақстанның ежелгі қалалары.* Алматы: «Аруна Ltd», 384 б.
4. Akylbek S. Sh., Smagulov E.A., Yatsenko S.A. (2017). Decor of the eighth-century turkic rulers residence in the citadel of Kulan town // *the Silk Road. Volume 15.* P.65-82.
5. Байпақов Қ. (2007). *Ежелгі және орта ғасырдағы Отырар.* Алматы: «Қазығұрт», 248 б.
6. Такибаева С.С. (1987). *Тайны небесной глазури.* Алма Ата: «Казахстан», 119 с.
7. Туякбаев М.К., Егеубаева А.М. (2018). *Түркістан жазирасының қыш ыдыстары. Альбом кітап.* Алматы: «Золотая Книга», 176 б.

8. Жолдасбаев С. (2009). Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X–XVIII ғғ.). Түркістан: Тұран баспасы, 246 б.
9. Жолдасбаев С., Нурханов Б.О., Бахтыбаев М., Мурғабаяев С.С., Арынов К.С. (2012). 2011 жылғы Ортағасырлық Сығанақ қаласында атқарылған жұмыстар // Марғұлан оқулары 2012. Астана: Б.185-189.
10. Жолдасбаев С., Жетібаев К., Бахтыбаев М., Арынов Қ. (2016). Сығанақ қаласында 2015 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары // «Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларының өзекті мәселелері: өткені, бүгін мен болашағы» атты тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуовтың 70 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I бөлім. Алматы: Қазақ университеті, 285 б.
11. Жолдасбаев С.Ж., Жетібаев К.М., Бахтыбаев М.М., Мурғабаяев С.С. (2016). Сығанақ жәдігерлері. Түркістан: Тұран, 182 б.
12. Koshenova G. (2013). *Kazakistan Taraz/Talas Şehrindeki Türbeler (Ayşe Bibi, Babacı Hatun ve Karahan Türbeleri 11-12 yy)*//Gazi Üniversitesi. Yüksek Lisans Tezi. 159 s.
13. Қапанов А.Қ., Рүстембеков А.И. (құрастырғандар) (2012). Қазақстан архитектурасы // (Ред. Б. Глаудинов). Алматы: «Өнер» баспасы, Т8. 192 б.
14. Елеуов М., Есен С., Молдахмет А. (2020.). Ортағасырлық Қышқаладағы 2020 жылғы зерттеулер//Мәдени мұра журналы. №2. Б.24 – 31.
15. Елеуов М., Талеев Д., Есен С., Курманиязов И.С., Молдахмет А. (2021). Ортағасырлық Қышқалада 2021 жылы жүргізілген зерттеулер // Марғұлан оқулары. Том 2. Б.120 – 124.
16. Пугаченкова Г.А. (1958). Пути развития архитектуры южного Туркменистана поры рабовладения и феодализма. Москва: Изд-во Академии Наук СССР, 484 с.
17. Uzholidays.com. мавзoley саманидов. Чаиша Аюб. Мечеть Магоки Амтари. Минарет Калян и.т.д. [Электронный ресурс]. <https://uzholidays.com/dostoprimechatelnosti-3/> (қаралған күні 22.02.22)
18. Артықбаев Ж., Пірманов Ә. (2008). Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық басылым. Алматы: Атамұра, 544 б.
19. Öney G. (1992). *Anadolu Selçuklu Mimari Süslemeleri ve El Sanatları*. Ankara: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları, 291 s.

References

1. Zholdasbaev S., Mustapaeva D. (2009). Ortagasyrlyq Syganag galasynyn saulettik keramikasy [Architectural ceramics of the medieval city of Syganak] // Izvestiia NAN RK. Seriiia obshchestvennykh nauk. №1. B.196-199.
2. Zholdasbaev S.Zh., Bakhtybaev M.M., Nurkhanov B.Ө., Amanturov M.Q. (2014). Ortagasyrlyq Syganag qalasynan tabylgan qysh qaptamalar [Pottery found in the medieval city of Syganak] // Iasau universitetinin khabarshysy. № 2 (89). B.199-205.
3. Baipaqov K. (2007). Qazaqstannyn ezhelgi qalalary [Ancient cities of Kazakhstan]. Almaty: «Aruna Ltd», 384 b.
4. Akylbek S. Sh., Smagulov E.A., Yatsenko S.A. (2017). Decor of the eighth-century turkic rulers residence in the citadel of Kulan town // the Silk Road. Volume 15. P.65-82.
5. Baipaqov K. (2007). Ezhelgi zhane orta gasyrdagy Otyrar [Otrar of antiquity and the Middle Ages]. Almaty: «Qazygurt», 248 b.
6. Takibaeva S.S. (1987). Tainy nebesnoi glazuri [Secrets of the heavenly glaze]. Alma-Ata: «Kazakhstan», 119 s.
7. Tuiakbaev M.K., Egeubaeva A.M. (2018). Turkistan zhazirasynyn qysh ydystary. Albom kitap [Pottery of Turkestan Zhazira. Album Book]. Almaty: «Zolotaia Kniga», 176 b.
8. Zholdasbaev S. (2009). Ortagasyrlyq Syganag qalasy (X–XVIII ғғ.) [Medieval city of Syganak (X–XVIII centuries.)]. Turkistan: Turan baspasy, 246 b.
9. Zholdasbaev S., Nurkhanov B.O., Bakhtybaev M., Murgabaev S.S., Arynov K.S. (2012). 2011 zhylgy Ortagasyrlyq Syganag qalasynan atqarylqan zhumystar [Works in the medieval city of Syganak in 2011] // Margulan ogulary. Astana: B.185-189.
10. Zholdasbaev S., Zhetibaev K., Bakhtybaev M., Arynov Q. (2016). Syganag qalasynan 2015 zhyly zhurigizilgen arkheologialyq zertteu zhumystary [Archaeological research conducted in 2015 in Syganak] // «Qazaqstannyn tarikhi-madeni muralarynyn ozekti maseleleri: otkeni, bugini men bolashagy» atty tarikh

gylymdarynyn doktory, professor Madiar Eleuovtyn 70 zhylidyq mereitoyna arналган khalygaralyq gylymi-tazhiribelik konferentsiia materialdary. I bolim. Almaty: Qazaq universiteti, 285 b.

11. Zholdasbaev S.Zh., Zhetibaev K.M., Bakhtybaev M.M., Murgabaev S.S. (2016). Syganaq zhadigerleri [Syganak relics]. Turkistan: Turan, 182 b.

12. Koshenova G. (2013). Kazakistan Taraz/Talas Şhrindeki Türbeler (Ayşe Bibi, Babacı Hatun ve Karahan Türbeleri 11-12 yy) [Mausoleum in Taraz/Talas, Kazakhstan (Ayshe Bibi, Babacı Hatun and Karahan Mausoleums of the 11th-12th centuries)] //Gazi Üniversitesi. Yüksek Lisans Tezi. 159 s.

13. Qapanov A.Q., Rustembekov A.I. (qurastyrgandar). (2012). Qazaqstan arkhitekturasы [Architecture of Kazakhstan] // (Red. B. Glaudinov). Almaty: «Oner» baspasy, T 8. 192 b.

14. Eleuov M., Esen S., Moldakhmet A. (2020). Ortagasyrlyq Qyshqaladagy 2020 zhylygy zertteuler [Medieval Qyshqala research in 2020]//Madeni mura zhurnaly. №2. B.24 – 31.

15. Eleuov M., Taleev D., Esen S., Kurmaniazov I.S., Moldakhmet A. (2021). Ortagasyrlyq Qyshqalada 2021 zhyly zhurgizilgen zertteuler [Research conducted in 2021 in the Qyshqala]//Margulan oqulary.Tom 2. B.120 – 124.

16. Pugachenkova G.A. (1958). Puti razvitiia arkhitektury iuzhnogo Turkmenistana pory rabovladieniia i feodalizma [Ways of development of architecture of southern Turkmenistan during the time of slavery and feudalism]. Moskva: Izd-vo Akademii Nauk SSSR, 484 s.

17. Uzholidays.com. mavzolei samanidov. Chashma Aiub. Mechet Magoki Attari. Minaret Kallan i.t.d. [the mausoleum of the Samanids. Chashma Ayub. Magoki Attari Mosque. Kalyan Minaret, etc.] [Electronic material]. <https://uzholidays.com/dostoprimechatelnosti-3/> (date of request: 22.02.22)

18. Artyqbaev Zh., Pirmanov Ə. (2008). Qazaqstan tarikhy. Entsiklopediialyq basylym [History of Kazakhstan. Encyclopedic edition]. Almaty: Atamura, 544 b.

19. Öney G. (1992). Anadolu Selçuklu Mimari Süslemeleri ve El Sanatları [Anadolu Selcuklu Architectural Decorations and Handicrafts]. Ankara: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları, 291 s.